

## Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 мамырдағы N 111 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 170 Заңымен.

Осы Заң Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтаудың құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін белгілейді, мемлекеттік органдардың, меншік нысандарына қарамастан жеке және заңды тұлғалардың денсаулық сақтау жөнінде азаматтардың Конституциялық құқығын іске асыруға қатысуын реттейді.

## I тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

### 1-бап. Негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

**анатомиялық сый** - органдар мен тканьдар беру;

**ақысыз медициналық көмектің кепілді көлемі** - Қазақстан Республикасының барлық азаматтарына көрсетілетін және тікелей республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын медициналық көмектің Қазақстан Республикасының бүкіл аумағындағы бірыңғай көлемі;

**ерікті медициналық сақтандыру** - азаматтарға медициналық көмектің кепілді тегін көлемінен тыс қосымша қызмет көрсету бойынша оларды сақтандыру түрі;

**амбулаториялық-емханалық тарификатор** - мамандандырылған амбулаториялық-емханалық көмек қызметін көрсетуге арналған тарифтер тізбесі;

**клиникалық-шығын топтары** - емделуге арналған шығындар бойынша ұқсас аурулардың клиникалық біртектес топтары;

**жан басына шаққандағы норматив** - медициналық қызмет көрсетулердің нақты көлемін қамтамасыз ету үшін бір адамға есептелген жыл сайын қайта қаралатын шығындардың белгіленген нормасы;

**халықтық медицина (емшілік)** - халық жинақтаған емшілік құралдар туралы тәжірибелік мәліметтердің, сондай-ақ емшілік және гигиеналық тәсілдер мен дағдылардың жиынтығы және оларды денсаулық сақтау, аурулардың алдын алу мен емдеу үшін іс жүзінде қолдану;

**медициналық оңалту** - денсаулықты ішінара немесе толық қалпына келтіру;

**ЖИТС - жасанды иммунды тапшылық синдромы** - адамның иммунды

тапшылық вирусын жұқтыруына байланысты аса қауіпті жұқпалы ауру;  
**трансплатация** - тканьдар мен органдарды басқа орынға немесе басқа организмге ауыстырып салу, көндіктіру;

**жеке медициналық практикамен айналысатын заңды және жеке тұлғалар** - халыққа профилактикалық, диагностикалық және емдік көмек көрсету жөніндегі кәсіпкерлік қызмет түрі;

**эвтаназия** - науқастың қандай да бір әрекеттер немесе құралдар, соның ішінде тіршілігін сақтау жөніндегі жасанды шараларды тоқтату арқылы өз өлімін тездету туралы өтінішін қанағаттандыру.

**Ескерту. 1-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1998.12.17. N 325 Заңымен.**

## **2-бап. Осы заңмен реттелетін мәселе**

Осы Заңмен реттелетін мәселе Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулық сақтау құқығын іске асыруына байланысты туындайтын қоғамдық қатынастар болып табылады.

## **3-бап. Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы Қазақстан Республикасының заңдары**

Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы Қазақстан Республикасының заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заңнан, сондай-ақ Қазақстан Республикасының басқа да заң актілері мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

## **4-бап. Азаматтардың денсаулығын сақтау жөніндегі мемлекеттік саясаттың принциптері**

Азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясаты:

денсаулық сақтау саласында мемлекеттік кепілдіктерді қамтамасыз ету және азаматтардың құқықтарын сақтау;

мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары кепілді көлем шеңберінде көрсететін медициналық-санитариялық, медициналық-әлеуметтік және дәрі-дәрмектік көмектің қолайлылығы, сабақтастығы мен тегіндігі және оларды іске асырудағы жауапкершілік;

денсаулығынан айрылған жағдайда азаматтардың әлеуметтік қорғалуы; медициналық көмектің кепілді көлемі шеңберінде медициналық көмек алудағы әлеуметтік әділеттілік пен теңдік;

денсаулық сақтауды халықтың қажеттеріне сәйкес дамыту және меншік нысандарына қарамастан медицина ұйымдары үшін тең жағдайлар жасау;

медициналық-санитариялық және медициналық-әлеуметтік шаралардың ғылыми негізділігі мен профилактикалық нысаналылығы;

ерікті медициналық сақтандыру мен сан салалы медицинаны дамыту;

орталық атқарушы органдардың, сондай-ақ жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, жұмыс берушілердің, лауазымды адамдардың азаматтардың денсаулығын нығайту мен сақтауды қамтамасыз ететін жағдайлар жасау жөніндегі жауапкершілігі;

медицина және фармацевтика қызметкерлерінің, сондай-ақ медициналық және фармацевтикалық қызметпен айналысуға құқығы бар адамдардың азаматтардың денсаулығына келтірілген нұқсан үшін жауапкершілігі;

азаматтардың өзінің және айналасындағы адамдардың денсаулығын сақтау мен нығайту жөніндегі жауапкершілігі принциптері негізінде жүргізіледі.

**Ескерту. 4-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1998.12.17. N 325 Заңымен.**

### **5-бап. Мемлекеттік органдардың азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы өкілеттіктері**

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі азаматтардың денсаулығын сақтау саласында :

азаматтардың денсаулығын сақтаудың бірыңғай мемлекеттік саясатын және оны жүзеге асыру жөніндегі шараларды, сондай-ақ денсаулық сақтауды дамыту стратегиясын әзірлейді ;

мемлекеттік бағдарламалар әзірлеп, оларды Қазақстан Республикасы Президентінің бекітуіне ұсынады және олардың орындалуы үшін жауап береді ;

денсаулық сақтау ісін, фармацевтика және медицина өнеркәсібін дамытудың нысаналы кешенді бағдарламаларын бекітеді және қаржыландырады ;

атқарушы органдардың, министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық атқарушы органдардың азаматтардың денсаулығын сақтау мәселелері жөніндегі қызметіне басшылық етеді ;

Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы уәкілетті орталық атқарушы органының ұсыныстары негізінде медициналық көмектің кепілді тегін көлемін бекітеді және баспасөзде жарияланады.

2. Азаматтардың денсаулығын сақтау саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілеттік берілген орталық атқарушы органы :

халық денсаулығын сақтаудың бірыңғай мемлекеттік саясатын жүргізеді ;

денсаулық сақтау бойынша мемлекеттік, нысаналы және кешенді бағдарламаларды іске асыруды салааралық үйлестіруді, сондай-ақ ол жөнінде қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады ;

денсаулық сақтау ісін, фармацевтика және медицина өнеркәсібін дамыту жөніндегі шараларды белгілейді ;

республикалық медициналық, оқу, ғылыми-зерттеу және санитариялық-эпидемиологиялық ұйымдардың қызметіне басшылық етеді ;

денсаулық сақтау ұйымдары мен халықты материалдық-техникалық, дәрі-дәрмек жағынан қамтамасыз етуге жәрдем береді;

жергілікті атқарушы органдар арқылы меншік нысандарына қарамастан аумақтық денсаулық сақтау органдары мен ұйымдарының қызметін үйлестіруді және бақылауды жүзеге асырады;  
халықтың денсаулық жағдайын талдайды;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес лицензиялануға тиісті қызмет түрлеріне өз құзыреті шегінде лицензия береді; ведомстволық медициналық-санитариялық қызметтердің жұмысын үйлестіріп отырады;

дәрілік заттарға нормаларды, дәрілік заттардың жіктемесін, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фармакопеясын бекітеді;

Қазақстан Республикасының заңында белгіленген медициналық көмектің тегін кепілді көлемі шеңберінде тегін дәрілік көмек көрсетуге арналған негізгі (өмірлік маңызы бар) дәрілік заттардың тізімін бекітеді;

Дәрілік заттарды мемлекеттік тіркеуді, қайта тіркеуді және оларға арналған нормативтік құжаттарда көрсетілмеген, адам денсаулығына қауіпті олардың жанама әсерлері анықталған жағдайда мемлекеттік тіркеу туралы шешімді қайтарып алу тәртібін айқындайды.<\*>

**Ескерту. 5-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1998.12.17. N 325 , 2004.01.13. N 523 Заңдарымен.**

#### **6-бап. Медициналық қызметке ақы төлеу жөніндегі уәкілетті орган**

Медициналық қызметке ақы төлеу жөніндегі уәкілетті орган медициналық қызметке лицензиясы бар, меншік нысандарына қарамастан, жеке және заңды тұлғаларға, медициналық көмектің кепілді тегін көлемін көрсету жөніндегі шығындарын өтеуді жүзеге асыратын мемлекеттік мекеме болып табылады. Бұл шығынды өтеу міндетті болып табылады.

**Ескерту. 6-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1998.12.17. N 325 Заңымен .**

#### **7-бап. Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдарының азаматтар денсаулығын сақтау саласындағы өкілеттігі**

1. Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың қарауына мыналар жатады:  
денсаулықты күшейту мен нығайтуға, халықтың саулығын қалпына келтіруге, аурулардың алдын алуға және санитариялық-эпидемиологиялық салауаттыққа жәрдемдесетін халықтың тіршілігіне қажетті жағдайлар кешенін қ а м т а м а с ы з е т у ;

азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске

а с ы р у ;

денсаулық сақтауға және аймақтық бағдарламаларды жүзеге асыруға арналған шығыстар бөлігінде жергілікті бюджеттерді жасау, бекіту және олардың атқарылуын қамтамасыз ету;

денсаулық сақтау саласының ресурстармен, кадрлармен, қаржымен қамтамасыз етілуін, денсаулық сақтау жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруға халықтың қатысуын ұйымдастыру;

салааралық ынтымақтастықты дамыту, емделуі қиын науқастар үшін арнаулы қ о р л а р қ ұ р у ;

мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының, медицина және фармацевтика өнеркәсібінің қажетті материалдық-техникалық базасын дамыту үшін жағдайлар ж а с а у ;

сан салалық медицинаны енгізу және бұқаралық дене тәрбиесі-сауықтыру қ о з ғ а л ы с ы н д а м ы т у ;

халықты қауіпсіз, экологиялық жағынан таза, тиімді және сапалы дәрі-дәрмек құралдарымен қамтамасыз етуге бақылау жасау.

2. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары азаматтардың денсаулығын сақтау саласында заңдарда белгіленген өз өкілеттігін жүзеге асырады.

### **8-бап. Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы қоғамдық бірлестіктер**

Дәрігерлер мен дәрі жасаушылардың, орта медициналық қызметкерлердің, медициналық және фармацевтикалық өнім өндірушілердің кәсіптік одақтары, ассоциациялары, Қазақстан Республикасының Қызыл Жарты Ай және Қызыл Крест қоғамы және басқа да қоғамдық бірлестіктер өздерінің жарғыларына сәйкес Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен азаматтардың денсаулығын сақтауды қамтамасыз етуге қатысады.

### **9-бап. Жұмыс берушілердің азаматтардың денсаулығын сақтауды қамтамасыз ететін жағдайлар жасау жөніндегі жауапкершілігі**

Жұмыс берушілер меншік нысандарына қарамастан, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес:

экологиялық қолайлылық, азаматтардың салауатты еңбек, тұрмыс және демалыс жағдайларын қамтамасыз ету;

қоршаған және өндірістік ортаның жай-күйі жайында мемлекеттік қадағалау және бақылау органдарын хабардар ету;

санитариялық ережелер мен нормаларды, гигиеналық нормативтерді сақтау, өндірістік үй-жайлар мен аумақтарды күтіп ұстау;

өндірістің зиянды факторлары жайында халықты хабардар ету;

азаматтардың денсаулығына келтірілген нұқсан;  
Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы заңдарын бұзғаны үшін жауапты болады.

## **II тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АЗАМАТТАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫН САҚТАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ**

### **10-бап. Мемлекеттік денсаулық сақтау жүйесі**

1. Мемлекеттік денсаулық сақтау жүйесіне: азаматтардың денсаулығын сақтау саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілді орталық атқарушы орган , облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың денсаулық сақтауды басқару органдары жатады.

2. Мемлекеттік денсаулық сақтау жүйесіне сондай-ақ мемлекет меншігіндегі және мемлекеттік денсаулық сақтау жүйесінің басқару органдарына бағынышты амбулаториялық-емхана, аурухана ұйымдары, медициналық-санитариялық бөлімдер, ана мен баланы қорғау, медициналық жедел жәрдем, сот-медициналық сараптама ұйымдары, диспансерлер, оқу орындары, ғылыми-зерттеу, санитариялық-эпидемиологиялық, санаторий-курорттық, фармацевтикалық ұйымдар, материалдық-техникалық қамтамасыз ету қызметтері және өзге де ұйымдар жатады.

3. Мемлекеттік денсаулық сақтау жүйесіне, азаматтардың денсаулығын сақтау саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілді орталық атқарушы органын қоспағанда, Қазақстан Республикасының басқа да министрліктері, мемлекеттік комитеттері мен өзге де орталық атқарушы органдары мен ұйымдары құратын емдеу-профилактикалық және фармацевтика ұйымдары енеді.

4. Өздерінің ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, мемлекеттік денсаулық сақтау жүйесінің ұйымдары, жеке медициналық ұйымдар заңды тұлғалар болып табылады және өздерінің қызметін осы Заңға, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырады.

**Ескерту. 10-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1998.12.17. N 325 Заңымен.**

### **11-бап. Жеке денсаулық сақтау практикасымен айналысатын заңды және жеке тұлғалар**

1. Жеке денсаулық сақтау практикасымен айналысатын заңды және жеке тұлғаларға жеке меншіктегі емдеу-профилактикалық, санаторий-курорт, дәріхана ұйымдары және медициналық техника ұйымдары, сондай-ақ жеке медициналық және фармацевтикалық практикамен айналысатын жеке адамдар жатады.

2. Жеке медициналық және фармацевтикалық практикамен айналысатын заңды және жеке тұлғалар өздерінің қызметін осы Заңға, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырады.

**12-бап. Мемлекеттік және жеке денсаулық сақтау ұйымдары мен жеке медициналық практикамен айналысатын жеке адамдардың қызметін лицензиялау**

1. Мемлекеттік денсаулық сақтау жүйесінің ұйымдары, жеке медициналық практикамен және халықтық медицинамен (емшілікпен) айналысатын жеке ұйымдар мен жеке адамдар өздерінің қызметін таңдаған қызмет түріне лицензиясы болғанда ғана жүзеге асырады.

2. Лицензия беру тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленеді.

**13-бап. Халықтың экологиялық, санитариялық-эпидемиологиялық қолайлылығы мен радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету**

Халықтың экологиялық, санитариялық-эпидемиологиялық қолайлылығы мен радиациялық қауіпсіздігі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік уәкілді органдардың және жұмыс берушілердің кешенді шаралар жүргізуі арқылы қамтамасыз етіледі.

**III тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АЗАМАТТАРҒА МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖҮЙЕСІ**

**14-бап. Халыққа медициналық көмек ұйымдастыру**

1. Азаматтарға ақысыз медициналық көмектің кепілді көлемінің қолайлығын және оны алуын қамтамасыз ететін мемлекеттік денсаулық сақтау жүйесінің негізін :

фельдшерлік-акушерлік пункт (дәрігерге дейінгі көмек);  
дәрігерлік амбулатория, емхана және учаскелік аурухана (дәрігерлік көмек);  
аудандық орталық аурухана, диспансерлер (білікті дәрігерлік көмек);  
облыстық аурухана, қалалық аурухана, диспансерлер, жедел медициналық жәрдем ауруханалары мен станциялары, республикалық орталықтар мен ғылыми-зерттеу институттарының клиникалары (мамандандырылған дәрігерлік көмек) құрады.

2. Лицензиясы болған жағдайда заңды және жеке тұлғалардың медициналық ұйымдардың басқа да түрлерін ашуына рұқсат етіледі.

**15-бап. Халыққа медициналық көмек көрсету түрлері**

1. Халыққа медициналық жәрдем көрсету:  
алғашқы медициналық-санитариялық көмекті, мамандандырылған медициналық көмекті, медициналық-әлеуметтік көмек пен оңалтуды қамтиды.

2. Мемлекеттік денсаулық сақтау жүйесіне кіретін арнайы медициналық ұйымдар (жедел медициналық жәрдем станциялары мен бөлімдері) өмірге қауіп төнген жағдайларда, бақытсыз жағдайларда және ауыр сырқаттанған кезде ересектер мен балаларға тегін жедел медициналық көмек көрсетеді.

3. Алғашқы медициналық-санитариялық көмек медициналық қызмет көрсетудің әрбір азамат үшін негізгі қолайлы және тегін түрі болып табылады және ол неғұрлым кең таралған ауруларды, жарақаттарды, улануды және кідіртуге болмайтын басқа да жай-күйлерді емдеуді, бала тууға жәрдемдесуді, санитариялық-гигиеналық және эпидемияға қарсы шаралар жүргізуді, аса елеулі аурулардың медициналық профилактикасын, санитариялық-гигиеналық білім беруді, отбасын, ананы, әке мен баланы қорғау жөнінде шаралар жүргізуді, тұрғылықты жері бойынша медициналық көмек көрсетуге байланысты басқа да шаралар жүргізуді қамтиды.

4. Мамандандырылған медициналық көмекті азаматтарға диагностиканың, емдеудің арнаулы әдістерін және күрделі медициналық технологияларды пайдалануды қажет ететін аурулар кезінде амбулаториялық-емханалық және стационарлық ұйымдар көрсетеді.

5. Медициналық-әлеуметтік көмек медициналық-әлеуметтік үлгідегі ұйымдар желісін құру және дамыту, тұрғын үй-тұрмыстық жеңілдіктер беру, жұмыс істейтіндерді сауықтыру жөніндегі медициналық ұсыныстарды жұмыс берушілердің орындауын қамтамасыз ету, еңбек пен тамақтанудың ұтымды режимін ұйымдастыру жөніндегі шаралар жүйесін қамтиды.

6. Туа біткен және жүре пайда болған, асқынған және созылмалы аурулардан және алған жарақаттар салдарынан зардап шегуші азаматтарды медициналық, дене қуатын, психологиялық және әлеуметтік жағынан оңалту тиісті емдеу-профилактикалық және сауықтыру ұйымдарында көрсетіледі.

**16-бап. Әлеуметтік жағынан елеулі аурулардан және айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулардан зардап шегетін азаматтарға медициналық-әлеуметтік жәрдем**

1. Әлеуметтік жағынан елеулі аурулардан және айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулардан зардап шегетін азаматтарға медициналық-әлеуметтік жәрдем, диспансерлік қадағалау тегін және жеңілдікті жағдаймен жасалады.

2. Әлеуметтік жағынан елеулі аурулар және айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулар тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

3. Әлеуметтік жағынан елеулі аурулардан және айналасындағыларға қауіп



төндіретін аурулардан зардап шегетін азаматтарға медициналық-әлеуметтік жәрдем жасау түрлері мен көлемін Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы уәкілді орталық атқарушы органы белгілейді.

**17-бап. Айналадағы адамдарға қауіп төндіретін аурулардың арнаулы алдын алу шаралары**

1. Денсаулық сақтау органдары мен ұйымдары, медицина қызметкерлері айналадағы адамдарға қауіп төндіретін ауруларды (туберкулезді, психикалық және соз ауруларын, алапесті, ЖИТС-ті және карантиндік инфекцияларды) анықтауды (соның ішінде құпиялылығын сақтап анықтауды), сондай-ақ олардың арнаулы алдын алу шараларын жүзеге асырады.

2. Айналадағы адамдарға қауіп төндіретін аталған аурулардың арнаулы алдын алу шараларын жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілді орталық атқарушы органы белгілейді.

**18-бап. Туберкулезбен және диабетпен ауыратын адамдарға медициналық-санитариялық көмек көрсету**

1. Туберкулезбен ауыратын адамдар міндетті түрде диспансерлік бақылауға алынып, емделуге тиіс, олар туберкулезге қарсы дәрі-дәрмектермен және санаторий-курорттық еммен тегін қамтамасыз етіледі, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жеңілдіктерді пайдаланады.

2. Туберкулез микробактерияларын тарататын науқастар міндетті түрде ауруханаға жатқызылуға тиіс, олар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тұрғын үймен қамтамасыз етіледі.

3. Диабетпен ауыратын адамдар міндетті түрде диспансерлік бақылауға алынып, тегін еммен және дәрі-дәрмек құралдарымен жеңілдікті жағдайда қамтамасыз етілуге тиіс.

**19-бап. Соз ауруларымен және ЖИТС-пен ауыратын адамдарға медициналық-санитариялық көмек көрсету**

1. Соз ауруларына және ЖИТС-ке шалдыққан адамдарды дер кезінде анықтап , емдеу үшін денсаулық сақтау органдары мен ұйымдарының ұсынысымен жергілікті атқарушы органдар арнаулы орталықтар, лабораториялар, кабинеттер, соның ішінде олардың құпия емдейтіндерін, ауруханалар және диспансерлер ашады. Өз еркімен емделуден жалтарған жағдайларда мәжбүрлеу шаралары қолданылады. Тексерілуге және емделуге келуден жалтаратын, сондай-ақ соз аурулары мен ЖИТС тарататын адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына с ә й к е с ж а у а п т ы б о л а д ы .

2. ЖИТС-пен ауыратын азаматтардың құқықтары Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалады.

**20-бап. Психикалық аурулардан зардап шегуші адамдарға медициналық-санитариялық көмек көрсету және оларды оңалту**

1. Психикасының бұзылуынан зардап шегуші адамдарға медициналық-санитариялық көмек көрсетудің негіздері мен тәртібі және оларды оңалту арнаулы заңмен реттеледі.

2. Психикасының бұзылуынан зардап шегуші адамдарға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құқықтарға кепілдік беріледі.

3. Халықтың психикалық денсаулығын сақтау, психикасының бұзылуынан зардап шегуші адамдарды емдеу мен оңалту жөніндегі заңдардың сақталуын бақылауды жергілікті өкілді және атқарушы органдар жүзеге асырады.

**21-бап. Маскүнемдікпен, нашақорлықпен және уытқұмарлықпен ауыратын адамдарға медициналық-санитариялық көмек көрсету**

1. Жергілікті атқарушы органдар маскүнемдіктің, нашақорлық пен уытқұмарлықтың алдын алу және оларды емдеу жөніндегі шаралар жүйесін қамтамасыз етеді. Денсаулық сақтау органдары мен ұйымдарының ұсынуымен жергілікті атқарушы органдар жасырын емдеуді қоса алғанда, аталған аурулар санаттарын емдеу үшін арнаулы кабинеттер, ауруханалар мен диспансерлер ұйымдастырады.

2. Маскүнемдікпен, нашақорлықпен және уытқұмарлықпен ауыратын азаматтардың құқықтары Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалады, оларды оңалту қамтамасыз етіледі.

**22-бап. Бостандығы шектеулі азаматтарға медициналық көмек көрсету**

1. Сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарынан тыс жерде жазасын өтеп жатқан, уақытша ұстайтын изоляторларға, арнаулы мекемелерге орналастырылған азаматтарға медициналық-санитариялық көмек жалпы негіздерде көрсетіледі.

2. Тергеу изоляторларына орналастырылған және бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан адамдарға ведомстволық медициналық қызметтер қызмет көрсетеді.

**23-бап. Дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын азаматтарға медициналық-санитариялық көмек көрсету**

1. Жергілікті атқарушы органдар дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын азаматтар үшін арнайы диспансерлер, кабинеттер, спорттық-сауықтыру кешендері желісін ұйымдастырады.

2. Санитариялық қадағалау органдары дене шынықтырумен және спортпен

шұғылдану үшін пайдаланылатын үй-жайлар мен аумақтардың жай-күйін бақылауды жүзеге асырады.

**24-бап. Қазақстан Республикасының әскери қызметшілеріне, ішкі істер органдарының, Мемлекеттік тергеу комитетінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, ішкі әскерлерінің қызметкерлеріне медициналық көмек көрсету**

Қазақстан Республикасының әскери қызметшілеріне, ішкі істер органдарының, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, ішкі әскерлерінің қызметкерлеріне медициналық көмекті осы ведомстволардың медицина ұйымдары көрсетеді. Қызмет өткеру немесе тұрғылықты жері бойынша медицина ұйымдары болмаған жағдайда немесе оларда тиісті бөлімшелер, мамандар не арнаулы жабдықтар болмаған жағдайда медициналық көмек Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы уәкілді орталық атқарушы органның аумақтық ұйымдарында медициналық көмектің кепілді шеңберінде тиісті бюджеттердің қаражаты есебінен кедергісіз және тегін көрсетіледі.

**Ескерту. 24-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1998.12.17. N 325 Заңымен .**

**25-бап. Хирургиялық араласу, қан құю және диагностиканың күрделі әдістерін қолдану тәртібі**

1. Хирургиялық операциялар, қан құю, диагностиканың күрделі әдістері ауру адамдардың келісімімен, ал он алты жасқа толмаған науқастарға, психикасы бұзылған науқастарға - олардың ата-аналарының, қорғаншыларының немесе қамқоршыларының, жақын туыстарының келісімімен қолданылады.

2. Дәрігер медициналық араласу ісіне кірісіп кетіп, сол адамның өмірі мен денсаулығына қатер төнуіне байланысты оны тоқтату немесе қайта оралу мүмкін болмайтын жағдайлардан басқа кезде келісім кері қайтарылып алынуы мүмкін.

3. Хирургиялық араласуды, қан құюды, диагностиканың күрделі әдістерін қолдануды кешіктіру ауру адамның өміріне қатер төндіретін, ал аталған адамдардың келісімін алу мүмкін болмайтын жағдайларда шешімді дәрігер немесе дәрігерлік комиссия қабылдайды.

**26-бап. Клиникалық және медициналық-биологиялық эксперименттер жүргізу, диагностиканың емдеудің жаңа әдістерін қолдану**

1. Клиникалық және медициналық-биологиялық эксперименттер әдетте жануарларға, ал адамға - оның жазбаша келісімімен немесе оның заңды өкілінің қатысуымен жасалған келісім-шарт бойынша жүргізіледі.

2. Сынақтан өтіп жатқан адамның талап етуі бойынша кез келген кезеңде

және оның өміріне, денсаулығына қатер төнген жағдайда эксперимент тоқтатылады. Профилактикалық-емдеу ұйымдары профилактиканың, диагностиканың, емдеудің эксперимент жасау арқылы қуатталған әдістерін Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын сақтау саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілді орталық атқарушы органының арнайы рұқсаты бойынша қолданады.

3. Клиникалық және медициналық-биологиялық эксперименттер жүргізу, диагностика мен емдеудің жаңа әдістерін қолдану тәртібін Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын сақтау саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілді орталық атқарушы органы белгілейді.

### **27-бап. Өлу сәтін анықтау. Өмірді сақтап тұрған аппаратураны тоқтату шарттары**

1. Өлімді дәрігер немесе фельдшер анықтайды. Адамның өлгенін анықтау өлшемдері Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын сақтау саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілді орталық атқарушы органы бекітетін ережеге сәйкес актімен белгіленеді.

2. Өмірді сақтап тұрған аппаратура өлім анықталған жағдайларда ғана тоқтатылуы мүмкін.

3. Медицина қызметкерлерінен эвтаназияны жүзеге асыруға тыйым салынады.

### **28-бап. Патологиялық-анатомиялық союды жүзеге асыру**

1. Дәрігерлер патологиялық-анатомиялық союды өлімнің себептері туралы деректер алу және ауыру диагнозын нақтылау мақсатында жүргізеді.

2. Патологиялық-анатомиялық союды жүзеге асыру тәртібі Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын сақтау саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілді орталық атқарушы органы бекіткен актімен белгіленеді.

### **29-бап. Анатомиялық сый**

1. Анатомиялық сый оны жасаушының өсиеті арқылы істелуі мүмкін және ол қайтыс болғаннан кейін нақты сипат алады. Анатомиялық сый туралы өсиетті сыйға тартушы адам жоюы мүмкін. Туған-туыстары өсиетке сот тәртібімен дауайта алады.

2. Анатомиялық сый туралы мәліметтер жария етілмеуге тиіс.

3. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кім екені анықталмаған және талап етіп алынбаған адамдардың мәйіттері деанатомиялық сый деп танылады.

## **IV тарау. ДОНОРЛЫҚ**

### **30-бап. Қан мен оның компоненттеріне донорлық**

1. 18 жастан 60 жасқа дейінгі әрбір азаматтың қан мен оның компоненттеріне донор болуға құқығы бар. Донорларға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жеңілдіктер беріледі.

2. Қан және оның компоненттерін алу, құю, оларды сақтау операцияларын жүргізудің тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын сақтау саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілді орталық атқарушы органы бекіткен арнаулы ережемен белгіленеді.

### **31-бап. Ағзалар мен тканьдерді ауыстырып салу**

1. Адам, адамның мәйіті, сондай-ақ жануарлар ағзалар мен тканьдерді ауыстырып салу жөнінен донор бола алады.

2. Адам ағзалары мен тканьдерін еріксіз алуға және оларды ауыстырып салуға тыйым салынады. Адам ағзалары сатып алу, сату және коммерциялық мәмілелер заты бола алмайды. Мұндай іс-әрекеттерге жол берген адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапқа тартылады.

3. Ағзалар мен тканьдерді адамнан адамға, мәйіттен адамға және жануарлардан адамға ауыстырып салу тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын сақтау саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілді орталық атқарушы органы бекіткен ережемен белгіленеді.

### **32-бап. Донордың өтемақы және әлеуметтік көмек алуға құқығы**

Донорлық міндетті атқаруға байланысты зиян келтірілген жағдайда донордың зиянды өтеттіруге және әлеуметтік көмек алуға құқығы бар, ал ол қайтыс болған жағдайда - жұбайының (зайыбының), балаларының, ата-анасының және оның асырауында болған адамдардың өтемақы және әлеуметтік көмек алуға құқығы бар.

### **33-бап. Жасанды жолмен ұрықтандыру, ұрықты енгізіп жетілдіру**

1. Жасанды жолмен ұрықтандыру, ұрықты енгізіп жетілдіру тіркелген некеде тұратын ерлі-зайыптылардың өзара жазбаша келісімі негізінде жасалуы мүмкін. Күйеуі жоқ әйелге қатысты жасанды жолмен ұрықтандыру немесе ұрықты енгізіп жетілдіру жөніндегі операция оның ерік білдіруіне сәйкес жасалуы мүмкін.

2. Денсаулық сақтау ұйымдары донорлықтың құпиялылығын және жасанды жолмен ұрықтандыру немесе ұрық енгізіп жетілдіру операциясын жасау құпиясын сақтауды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қамтамасыз етеді және оған жауап береді.

3. Жасанды жолмен ұрықтандыру және ұрықты енгізіп жетілдіру

донорлығының тәртібі мен шарттарын Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын сақтау саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілді орталық атқарушы органы белгілейді.

4. Жасанды жолмен ұрықтандыру немесе ұрықты енгізіп жетілдіру операциясынан кейін туған балалар жөніндегі ата-аналардың құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес реттеледі.

## **V тарау. ДӘРІ-ДӘРМЕКТІК ЖӘНЕ ПРОТЕЗДІК-ОРТОПЕДИЯЛЫҚ КӨМЕК**

### **34-бап. Азаматтарға дәрі-дәрмектік көмек**

1. Азаматтарға дәрі-дәрмектік көмек көрсету жөніндегі мемлекеттік саясатты және оны жүзеге асыру жөніндегі іс-қимылды дәрі-дәрмек құралдарын тұтынуға қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болжам жасау негізінде Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын сақтау саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілді орталық атқарушы органы жүзеге асырады және үйлестіріп отырады.

2. Дәрілік заттарды өткізуді мемлекеттік тіркеуден өткен, дәрілік заттарды өткізуге лицензия алған және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес берілген сәйкестік сертификаты бар дәрілік заттар айналымы саласындағы субъектілер жүзеге асырады.

3. Фармацевтикалық қызметті мемлекеттік қадағалауды және дәрілік заттардың қауіпсіздігін, тиімділігі мен сапасын бақылауды дәрілік заттар айналымы саласындағы мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады. < \* >

**Ескерту. 34-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.01.13. N 523 Заңымен.**

### **35-бап. Медициналық практикада қолданылатын есірткі заттарды өндіру, пайдалану және бақылау**

1. Қазақстан Республикасында тек медициналық, ветеринариялық және ғылыми мақсаттарға арналған есірткі заттар ғана өндіріледі, өңделіп, сақталады.

2. Есірткі заттарды өндіруге, өндеуге, әкелуге, сақтауға, тасымалдауға және сатуға Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын сақтау саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілді орталық атқарушы органы мен Ішкі істер министрлігінен рұқсат алған ұйымдардың құқығы бар.

3. Медициналық практикада қолданылатын есірткі заттарды өндіру, пайдалану және оған бақылау жасау Қазақстан Республикасының заңдарына және халықаралық келісімдерге сәйкес жүзеге асырылады.

4. Медициналық, ветеринариялық және ғылыми мақсаттарға арналған есірткі

заттарды өндіруге, өңдеуге, әкелуге, сақтауға, тасымалдауға, сатуға, пайдалануға және жоюға бақылау жасау Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын сақтау саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілді орталық атқарушы органы мен Ішкі істер министрлігіне жүктеледі.

### **36-бап. Протездік-ортопедиялық көмек**

1. Азаматтардың медициналық көрсеткіштер бойынша протездік-ортопедиялық көмекпен қамтамасыз етілуге құқығы бар. Мүгедектердің осы заманғы технологиялар негізінде дайындалған протездік-ортопедиялық бұйымдармен қамтамасыз етілуге құқығы бар.

2. Барлық мүгедектер протездік-ортопедиялық бұйымдармен және аяқ киіммен тегін немесе Қазақстан Республикасының уәкілді органы белгілеген тәртіпке сәйкес жеңілдікті шарттармен қамтамасыз етіледі.

3. Мемлекет протездік-ортопедиялық көмекті жетілдіру жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге, жоғары сапалы протездік-ортопедиялық бұйымдарды, осы заманғы технологияларды өндіріске енгізуге, мамандар даярлауға, протездік-ортопедиялық өнеркәсіпті ұйымдастыру мен дамытуға қажетті қаражат бөледі.

## **VI тарау. МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ЖЕКЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

### **37-бап. Мемлекеттік және жеке медициналық ұйымдардың құқықтары мен міндеттері**

Мемлекеттік денсаулық сақтау жүйесі ұйымдарының: Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өздерінің ұйымдық құрылымын, штаттарын жасауға және бекітуге, еңбекті ұйымдастыру мен оған ақы төлеу нысанын дербес таңдауға;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес заңды тұлға құқықтарын пайдалануға құқығы бар.

### **38-бап. Жеке медициналық ұйымдардың және жеке медициналық практикамен айналысатын адамдардың құқықтары**

Жеке медициналық ұйымдардың және жеке медициналық практикамен айналысатын адамдардың:

алған лицензиясына сәйкес халыққа профилактикалық, диагностикалық және емдік көмек көрсетуге;

көрсетілетін медициналық қызметке баға белгілеуге;

Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін шарттармен

медициналық қызметкерлер жалдауға, олардың еңбегіне ақы төлеудің нысандары мен мөлшерін белгілеуге;

Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын сақтау саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілді орталық атқарушы органы белгілеген тәртіппен дәрі-дәрмекке рецепттер жазып беруге және анықтамалар мен еңбекке жарамсыздық парақтарын беруге құқығы бар.

### **39-бап. Мемлекеттік денсаулық сақтау жүйесі ұйымдарының міндеттері**

Мемлекеттік денсаулық сақтау жүйесінің ұйымдары:  
шұғыл медициналық көмек көрсетуге;  
науқас адам үшін мемлекет кепілдік беретін көлем шегінде қолайлы, дер кезінде білікті, мамандандырылған және тегін медициналық көмекті;  
төтенше жағдайларда жұмыс істеуге сақадай-сай болуды;  
айналасындағы адамдарға қауіп төндіретін аурулардан, сондай-ақ кәсіби аурулардан сақтандыру, олардың диагностикасы және емделуі жөнінде арнаулы профилактикалық медициналық шаралар жүргізуді;  
мемлекеттік денсаулық сақтау жүйесінің ұйымдары көрсететін білікті медициналық жәрдем нысандары мен түрлері туралы тегін, оперативті және ақпарат беруді;  
санитариялық-гигиеналық, эпидемияға қарсы режимдерді сақтауды;  
меншік нысандарына қарамастан, басқа да денсаулық сақтау ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасауды және олармен сабақтастықты;  
салауатты тұрмыс салтын насихаттауды және халыққа санитарлық-гигиеналық тәрбие беруді;  
медициналық кадрлар даярлау және қайта даярлау үшін жағдайлар жасауды;  
азаматтардың денсаулығын сақтау мәселелері бойынша басқа да министрліктермен және ведомстволармен, сондай-ақ өнеркәсіп, оқу, сауда, ауыл шаруашылық және басқа ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауды қамтамасыз етуге міндетті.

**Ескерту. 39-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.03.21. N 308 Заңымен.**

### **40-бап. Жеке медициналық ұйымдардың және жеке медициналық практикамен айналысатын адамдардың міндеттері**

Жеке медициналық ұйымдар және жеке медициналық практикамен айналысатын адамдар:  
шұғыл медициналық көмек көрсетуді қамтамасыз етуге;  
халыққа өздері көрсететін профилактикалық, диагностикалық және емдік көмектің барлық түрлеріне лицензиясы болғанда ғана медициналық қызметті



ж ү з е г е

а с ы р у ғ а ;

профилактикалық-емдеу ұйымдарының жұмысын ұйымдастыру жөнінде Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын сақтау саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілді орталық атқарушы органы бекітетін санитариялық ережелер мен нормаларды, гигиеналық нормативтерді б а с ш ы л ы қ қ а а л у ғ а ;

Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын сақтау саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілді орталық атқарушы органы белгілеген нысан, түрлер бойынша және көлемде бастапқы медициналық құжаттарды жүргізуге және жыл сайын есеп беріп отыруға;

кәсіби міндеттерін атқару кезінде өздеріне белгілі болған азаматтардың ауруы туралы, ішкі және отбасылық өмірі туралы мәліметтерді жария етпеуге міндетті. Бұл ақпаратты ашып айтуға осы Заңда көзделген жағдайларда жол беріледі;

бұқаралық ақпарат құралдарында көрсетілетін медициналық жәрдем және сырқаттарды емдеу әдістерінің тиімділігі туралы азаматтарға ақиқат ақпар және о б ь е к т и в т і ж а р н а м а б е р у г е ;

соз ауруларымен, ЖИТС-пен, алапеспен, микроспориямен, трихофитиямен, қышымамен, жұқпалы психикалық аурулармен ауыру жағдайларын денсаулық сақтау органдарына, ал жаңадан алған жарақаты мен жаралануы бойынша өтініш білдірген адамдар туралы ішкі істер органдарына хабарлауға міндетті.

**Ескерту. 40-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1998.12.17. N 325 Заңымен.**

## **VII тарау. ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ**

### **41-бап. Мемлекеттік денсаулық сақтау жүйесін қаржыландыру көздері**

Мемлекеттік денсаулық сақтау жүйесін қаржыландыру көздері мыналар б о л ы п т а б ы л а д ы :

жергілікті бюджеттердің бір тұрғынға шағып бөлінетін қаражаты;  
республикалық бюджеттің белгіленген тәртіппен бөлінетін қаражаты;  
халықаралық бағдарламалар бойынша халықаралық ұйымдардың қаражаты;  
кепілдік берілген көлемнен тыс медициналық қызмет көрсеткені үшін және ақылы қызметтер мен заңдарға қайшы келмейтін басқа да қызмет түрлерін көрсеткені үшін алынған медициналық ұйымдардың қаражаты;

ұйымдардың пайдасынан ерікті түрде жасалатын аударымдар;  
ұйымдар мен азаматтардың, соның ішінде басқа мемлекеттердің қ а й ы р ы м д ы л ы қ с а л ы м д а р ы ;

пайдаланылуы Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін



2. Медициналық көмекке жұмсалған шығындарды өтеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

**ЕСКЕРТУ. 43-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1998.12.17 . N 325 Заңымен.**

## **VIII тарау. АЗАМАТТАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТАРЫ**

### **44-бап. Азаматтардың медициналық көмек алу құқығы**

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен тегін медициналық көмекті кепілдік берілген көлемде алуға құқығы бар.

2. Азаматтардың өздерінің жеке қаражаты, ұйымдардың қаражаты және Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен медициналық жәрдемнің кепілдік берілген көлемінен артық қосымша медициналық қызметті пайдалануға құқығы бар. Бұл құқық ақылы медициналық көмек алу, ерікті медициналық сақтандыру арқылы жүзеге асырылады. Мемлекеттік денсаулық сақтау жүйесінің ұйымдарында ақылы медициналық қызмет көрсетудің шарттары мен тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

3. Азаматтардың медициналық ұйымды еркін таңдап алуға, сондай-ақ дәрігерді еркін таңдап алуға құқығы бар.

4. Азаматтар ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан, ең жақын жердегі кез келген емдеу-профилактикалық ұйымының шұғыл және кідіртуге болмайтын медициналық көмегімен қамтамасыз етіледі.

**Ескерту. 44-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1998.12.17. N 325 Заңымен.**

### **45-бап. Азаматтардың емделуден және медициналық араласудан бас тарту құқығы**

1. Азаматтың немесе оның заңды өкілінің осы Заңның 46-бабында көзделген жағдайлардан басқа кезде тексерілуден, емделуден және медициналық араласудан кез келген кезеңде бас тартуға құқығы бар.

2. Тексерілуден, емделуден және медициналық араласудан бас тартқан кезде азаматқа немесе оның заңды өкіліне оған қолайлы нысанда мұның ықтимал зардаптары түсіндірілуге тиіс.

3. Тексерілуден, емделуден және медициналық араласудан бас тарту оның ықтимал зардаптары көрсетіліп, медициналық құжаттамада жазбаша ресімделеді және оған азамат не оның заңды өкілі, сондай-ақ медицина қызметкері қол қояды

4. 16 жасқа толмаған адамның ата-анасы немесе өзге заңды өкілдері, не заңда белгіленген тәртіппен іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған адамның заңды өкілдері аталған адамдардың өмірін сақтап қалу үшін қажетті медициналық көмектен бас тартқан кезде медицина ұйымының, сондай-ақ медицина қызметкерінің осы адамдардың мүдделерін қорғау үшін сотқа жүгінуге құқығы бар.

**46-бап. Азаматтардың келісімінсіз тексеру, емдеу және медициналық араласу**

1. Азаматтың немесе оның заңды өкілінің келісімінсіз: өз еркін білдіруге мүмкіндік бермейтін есеңгіреген, ес-түссіз жағдайдағы; айналасындағы адамдарға қауіп төндіретін аурулардан зардап шегуші; психикасы бұзылуының асқынуынан зардап шегуші; психикасының бұзылуынан зардап шегуші және қоғамға қауіпті іс-әрекет жасаған адамдарды тексеруге, емдеуге және медициналық араласуға Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен жол беріледі.

2. Азаматтардың келісімінсіз тексеру, емдеу және медициналық араласу осы бапта көзделген негіздер жойылғанға дейін немесе соттың шешімі бойынша жалғастырылады.

**47-бап. Азаматтардың экологиялық, санитариялық-эпидемиологиялық қолайлылық пен радиациялық қауіпсіздік жөніндегі құқығы**

1. Азаматтардың экологиялық, санитариялық-эпидемиологиялық қолайлылық пен радиациялық қауіпсіздікке құқығы бар.

2. Мемлекет қазіргі және келешек ұрпақтың денсаулық жағдайына теріс әсер етпейтін қоршаған қолайлы ортаны сақтауды қамтамасыз етеді.

**48-бап. Азаматтардың дәрі-дәрмектік, протездік-ортопедиялық көмекпен қамтамасыз етілу құқығы**

1. Азаматтардың дәрі-дәрмектік, ортопедиялық және протездік көмекпен қамтамасыз етілуге құқығы бар.

2. Дәрі-дәрмектік препараттармен, ортопедиялық және протездік, дұрыс көру бұйымдарымен, есту аппараттарымен, емдік дене шынықтыру құралдарымен және арнаулы жүріп-тұру құралдарымен жеңілдікпен қамтамасыз етілуге жататын адамдар санаты, сондай-ақ олармен қамтамасыз ету және оларды пайдалану шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

**49-бап. Некеге тұратын азаматтардың медициналық-генетикалық тексеруден өту құқығы**

Қазақстан Республикасының аумағында некеге тұратын азаматтардың жұбайлар мен олардың ұрпақтарының денсаулығын сақтау мақсатында өздерінің қалауы бойынша денсаулық сақтау ұйымдарында медициналық және медициналық-генетикалық тексерілуден өтуге құқығы бар.

**50-бап. Азаматтардың санаторий-курорттық емделу, сауықтыру бағытындағы мекемелерді пайдалану**

**құқығы**

Азаматтардың санаторий-курорттық ұйымдарды, демалыс үйлерін, профилакторийлерді, пансионаттарды, туристік базаларды, спорт ғимараттарын және сауықтыру бағытындағы басқа да ұйымдарды пайдалануға құқығы бар.

**51-бап. Азаматтардың өздерінің денсаулығының жай-күйі және денсаулыққа әсер ететін факторлар туралы**

**ақпарат алу құқығы**

1. Азаматтардың өздерінің денсаулығының және өздерінің балалары денсаулығының жай-күйі туралы қажетті ақпарат алуға құқығы бар.

2. Азаматтардың, егер заңмен өзгеше белгіленбесе, жұбайы (зайыбы) мен ата-аналары денсаулығының жай-күйі туралы ақпарат алуға құқығы бар.

3. Азаматтардың профилактика және емдеу әдістері туралы, халықтың науқастану деңгейі туралы, олардың денсаулығына әсер ететін факторлар туралы, соның ішінде қоршаған орта жайы, еңбек, тұрмыс және демалыс жағдайлары туралы денсаулық сақтау органдары мен ұйымдарынан және жұмыс берушілерден ақпарат алуға құқығы бар.

4. Азаматтардың дәріханалық, профилактикалық-емдеу, санитариялық-эпидемиологиялық ұйымдардан белгіленетін, сатылатын дәрі-дәрмектік өнімдердің сапасы, қауіпсіздігі мен тиімділігі туралы толық ақпарат алуға құқығы бар.

5. Азаматтардың денсаулық жағдайы туралы ақпарат тексеру мен емдеуді жүргізетін дәрігер береді.

**52-бап. Азаматтардың өздерінің денсаулығына келтірілген зиянның орнын толтыру құқығы**

Азаматтардың өздерінің денсаулығына мемлекет, жұмыс берушілер немесе өзге де адамдар келтірген моральдық және материалдық нұқсандардың орнын толтыруға құқығы бар. Денсаулыққа келтірілген зиянның орнын толтырудың негіздемесі мен тәртібі Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленеді.

**53-бап. Азаматтардың шетелдік медициналық және басқа да ұйымдарда медициналық, фармацевтикалық, протездік-ортопедиялық көмек алу құқығы**

Азаматтардың шетелдік медициналық және басқа да ұйымдарда медициналық, фармацевтикалық, протездік-ортопедиялық көмек алу қажеттігі

туралы мамандандырылған медицина мекемелерінің қорытындысы болған жағдайда осындай көмек алуға құқығы бар. Мемлекеттік органдар оны алуға жәрдемдесуге міндетті.

#### **54-бап. Ананың денсаулық сақтау құқығы**

1. Әйелге ана болу туралы мәселені өзі шешу құқығы беріледі. Денсаулық сақтау мақсатында әйелге оның келісімімен өзі қаламаған жүктіліктің алдын алудың осы заманғы әдістері қолданылуы мүмкін, хирургиялық жолмен дәрілеп тазалау медициналық айғақтар болған жағдайда тек әйелдің келісімімен және жеке тілек білдіру бойынша ғана жүргізіледі, медициналық айғақтар тізбесін Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын сақтау саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілді орталық атқарушы органы белгілейді.

2. Қазақстан Республикасында ананы мемлекет қорғайды және көтермелейді.

#### **3 . А н а н ы к о р ғ а у :**

арнайы медицина ұйымдарының кең желісін ұйымдастыру;  
бала тууына байланысты әйелге Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленген тәртіппен және мөлшерде жәрдемақы төлеу;  
жүкті әйелдерге медициналық нұсқамаларды орындауға мүмкіндік туғызып, оларды жұмысқа ұтымды түрде орналастыру;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес баланы күтіп-бағуға жәрдемақы төлей отырып, жұмыс істеп жүрген әйелдерге жүктілігі мен босануына байланысты демалыстар беру;

жеке жұмыс кестесін және толық емес жұмыс уақыты режимін белгілеу арқылы қамтамасыз етіледі.

4. Заңдар арқылы басқа да жеңілдіктер жасалуы мүмкін.

#### **55-бап. Балалардың денсаулық сақтау құқығы**

1. Мемлекет балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асырады, олардың дене бітімі, ақыл-ойы, рухани, адамгершілік және әлеуметтік дамуы үшін қажетті тұрмыс жағдайларына құқықтарын қамтамасыз етеді.

2. Мемлекеттік органдар, жұмыс берушілер арнаулы медицина және балаларды сауықтыру ұйымдарының желісін дамытуды қамтамасыз етеді, олардың тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті жағдайлар жасауына жауапты болады.

3. Балалар міндетті мерзімді медициналық байқаулардан өтіп тұруға және тұрақты диспансерлік бақылауда болуға тиіс.

4. 3 жасқа дейінгі балаларды, сондай-ақ дәрігерлердің қорытындысы бойынша қосымша күтіп-бағуды қажет ететін ауыр науқасты ересек жастағы балаларды стационарда емдеу кезінде анасына (әкесіне) немесе баланы күтіп-бағуды тікелей жүзеге асыратын өзге адамға ауырып қалған отбасы мүшесін күтіп-бағуға байланысты еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша

жәрдемақы төленіп, емдеу мекемесінде онымен бірге болу мүмкіндігі беріледі.

5. Дене бітімінің немесе психикасының жетілуінде кемістігі бар балалардың мамандандырылған балалар мекемелерінде медициналық-әлеуметтік жәрдем алуға құқығы бар. Аталған балаларды сәбилер үйіне және жалпы мақсаттағы оқу-тәрбие ұйымдарына орналастыруға кедергі келтіретін медициналық айғақтар тізбесін Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын сақтау саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілді орталық атқарушы органы б е к і т е д і .

6. Отбасында балаларды күтіп-бағу және тәрбиелеу жөніндегі міндеттерін орындаудан жалтару, олардың денсаулығына зиян келтіретіндей дәрежеде оларға қатал қарау Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленген жауапкершілік ж ү к т е й д і .

Ескерту. 55-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1998.12.17. N 325 Заңымен.

## **IX тарау. АЗАМАТТАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ МІНДЕТТЕРІ**

### **56-бап. Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы заңдарды азаматтардың ұстануы жөніндегі міндеттері**

Азаматтар денсаулық сақтау туралы заңдарды ұстануға, өздерінің және айналасындағы адамдардың денсаулығына ұқыпты қарауға міндетті.

### **57-бап. Азаматтардың медициналық нұсқамаларды ұстану жөніндегі міндеттері**

1. Жұқпалы аурулардың алдын алу үшін азаматтар денсаулық нұсқамаларын денсаулық сақтау ұйымдары белгілеген мерзімде орындауға міндетті.

2. Стационарлық емделуде жатқан адамдар медициналық ұйымдарда қолданылып жүрген режимді сақтауға міндетті.

3. Жұқпалы аурулармен науқастанған кезінде медициналық нұсқамаларды бұзған адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

### **58-бап. Азаматтардың балалар денсаулығына қамқорлық жасау жөніндегі міндеттері**

1. Азаматтар балалардың денсаулығына, олардың дене бітімі, рухани және адамгершілік жағынан жетілуіне қамқорлық жасауға, салауатты өмір салты дағдыларына тәрбиеленуге міндетті.

2. Жүкті әйелдер дер кезінде медициналық есепке тұруға, тексерілуден өтуге,

медициналық нұсқамаларды орындауға міндетті.

3. Ата-аналар сау балалардың тууына жәрдемдесетін ережелерді орындауға және бала туғаннан кейін медициналық нұсқамаларды орындауға міндетті.

**59-бап. Туберкулезбен, алапеспен, ЖИТС-пен, соз ауруларымен және карантиндік инфекциялармен ауыратын азаматтардың міндеттері**

1. Туберкулезбен, алапеспен, ЖИТС-пен, соз ауруларымен және карантиндік инфекциялармен ауыратын азаматтар медициналық ұйымдардың талап етуі бойынша тексерілуден және емделуден өтуге міндетті.

2. Тексерілуден және емделуден жалтарған жағдайда азаматтар еріксіз түрде куәландырылуға және емделуге алынады.

3. Азаматтарды еріксіз емделуге жіберудің негіздемелері мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі.

**60-бап. Азаматтардың науқастарды тасымалдауға және оларға медициналық көмек көрсетуге жәрдемдесу жөніндегі міндеттері**

Азаматтар науқастың өміріне қатер төнген жағдайларда оны тасымалдауға және медициналық көмек көрсетуге жәрдемдесуге міндетті.

**Х тарау. ШЕТЕЛДІКТЕРДІҢ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҒЫ ЖОҚ АДАМДАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

**61-бап. Шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасында денсаулық сақтау жөніндегі құқықтары мен міндеттері**

1. Қазақстан Республикасының аумағында жүрген шетелдіктерге Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес денсаулық сақтау құқығына к е п і л д і к б е р і л е д і .

2. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын немесе уақытша келген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, босқындар, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше көзделмесе, денсаулық сақтау саласында Қазақстан Республикасының азаматтары сияқты бірдей құқықтарды пайдаланады және сондай міндеттерді атқарады.

3. Шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға, босқындарға медициналық-санитариялық және медициналық-әлеуметтік көмек көрсетудің



тәртібін Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын сақтау саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілді орталық атқарушы органы белгілейді.

## **XI тарау. ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҰЙЫМДАРЫН КАДРЛАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

### **62-бап. Денсаулық сақтау ұйымдарының кадрлары**

1. Денсаулық сақтау кадрларына медициналық, фармацевтік, ғылыми, ғылыми-педагогикалық, педагогикалық, инженерлік-техникалық қызметкерлер жатады, олардың тізбесін Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын сақтау саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілді орталық атқарушы органы белгілейді.

2. Денсаулық сақтау кадрларын даярлау, пайдалану және олардың біліктілігін арттыру мемлекет, жұмыс берушілер және жеке адамдар есебінен жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын сақтау саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілді орталық атқарушы органы:

арнаулы орта және жоғары медициналық және фармацевтік білім берудің сабақтастығын;

медицина және фармацевтика кадрларын даярлаудың сапасына бақылау жасауды;

республиканың медицина, фармацевтика, ғылыми және педагогика кадрлары жөніндегі қажетін қамтамасыз етеді.

### **63-бап. Медициналық және фармацевтикалық қызметпен айналысу құқығы**

Медициналық және фармацевтикалық қызметпен, соның ішінде жеке практикамен айналысуға арнайы даярлықтан өткен және Қазақстан Республикасының, бұрынғы КСРО-ның тиісті жоғары немесе арнаулы орта оқу орнын бітіргені туралы диплом немесе сертификат алған адамдардың, сондай-ақ нострификация тәртібімен диплом алған адамдардың құқығы бар.

### **64-бап. Арнайы медициналық білімі жоқ адамдардың халық медицинасымен (емшілікпен) айналысу құқығы**

1. Арнайы медициналық білімі жоқ адамдар Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын сақтау саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілді орталық атқарушы органы беретін тиісті куәлік пен лицензияны алған жағдайда ғана халық медицинасының (емшілік) әдістерімен емдеу құқығына ие болады.

2. Қалың жұртшылыққа емшілік сеанстарын өткізуге, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын пайдаланып өткізуге тыйым салынады.

3. Емшілікпен заңсыз айналысатын адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

4. Көрсетілетін медициналық көмектің сапасына бақылауды мемлекеттік денсаулық сақтау органдары жүзеге асырады. Азаматтардың денсаулығына нұқсан келтірілген тәртіп бұзушылық анықталған жағдайда лицензия қайтып алынады немесе оның қолданылуы тоқтатылады, ал емшілердің лицензиясы мен куәлігі қайтып алынады.

#### **65-бап. Медициналық және фармацевтикалық қызметпен айналысу құқығын қалпына келтіру және одан айыру**

1. Өздерінің мамандығы бойынша үш жылдан астам уақыт жұмыс істемеген медицина және фармацевтика қызметкерлері медициналық және фармацевтикалық қызметпен айналысуға тиісті оқу орындарында Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын сақтау саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілді орталық атқарушы органы белгілеген тәртіппен қайта даярлаудан өткеннен кейін жіберіледі.

2. Медициналық және фармацевтикалық қызметпен айналысу құқығынан айыру сот тәртібімен жүргізіледі.

### **ХІІ тарау. МЕДИЦИНА ЖӘНЕ ФАРМАЦЕВТИКА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ, МІНДЕТТЕРІ, ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАЛУЫ**

#### **66-бап. Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің кәсіби құқықтары**

1. Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің ар-ожданы мен қадір-қасиеті, олардың кәсіби және әлеуметтік құқықтары заңмен қорғалады.

2. Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің:  
теориялық және практикалық әзірліктің қол жеткізілген деңгейіне сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын сақтау саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілді орталық атқарушы органы белгілеген мерзімде біліктілік санаттарын алуға;  
кәсіби білімін жетілдіруге;

денсаулық жағдайы бойынша кәсіби міндеттерін атқару мүмкін болмаған кезде, барлық деңгейдегі бюджеттер қаражаты есебінен қайта даярлықтан өтуге, сондай-ақ адам санының немесе штаттың қысқаруына, ұйымдардың таратылуына

байланысты қызметкерлер босатылған жағдайларда осы азаматтарды жұмысқа қабылдаған ұйымдар есебінен кәсіби даярлықтан өтеді;

өздерінің кәсіби міндеттерін азаматтың денсаулығына зиян немесе нұқсан келтіретіндей дәрежеде ұқыпсыз немесе салдыр-салақ орындалумен байланысты емес кәсіби қателігін сақтандыруға;

науқастың өміріне қауіп төнетін жағдайларда ұйымдарға, азаматтарға тиесілі байланыс құралдарын кедергісіз және тегін пайдалануға, науқас орналасқан жерге жету үшін немесе оны жақын жердегі емдеу-профилактикалық ұйымына тасымалдау үшін кез-келген көлік түрін дәл осылай пайдалануға құқығы бар.

3. Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің өздерінің кәсіби міндеттерін немесе Қазақстан Республикасының заңдарын бұзған жағдайлардан басқа кезде мемлекеттік органдардың және басқа да ұйымдардың, сондай-ақ азаматтардың медицина және фармацевтика қызметкерлерінің кәсіби қызметіне араласуына тыйым салынады.

### **67-бап. Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің кәсіби міндеттері**

1. Медицина және фармацевтика қызметкерлері өздерінің қызметін медициналық әдеп принциптерін басшылыққа алып жүзеге асырады.

2. Медицина және фармацевтика қызметкерлері: өздерінің қызмет міндеттеріне сәйкес медициналық көмек көрсетуге; азаматтарға емдеу ұйымынан тыс жерде көмек көрсету қажет болған жағдайда шұғыл медициналық көмек көрсетуге міндетті. Мұндай көмектің көрсетілмеуі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап беруге әкеп с о ғ а д ы ;

кәсіби міндеттерін атқару кезінде өздеріне мәлім болған азаматтардың ауруы, жеке және отбасылық өмірі туралы мәліметтерді жария етпеуге міндетті. Мұндай ақпаратты қоғамдық қауіпті сипат алатын аурулар болатын төтенше жағдайларда , сондай-ақ тергеу, сот органдарының жазбаша сұрау салуы бойынша ашып а й т у ғ а б о л а д ы ;

Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын сақтау саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілді орталық атқарушы органы белгілеген тәртіппен және мерзімде меншік нысандарына қарамастан денсаулық сақтау ұйымдарында біліктілікті арттыру және қайта даярлау курстарында дипломнан кейінгі оқу циклдарынан өту арқылы кәсіби білімін жетілдіруге міндетті.

### **68-бап. Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің азаматтардың денсаулығына келтірілген зиян үшін жауапкершілігі**

Медицина және фармацевтика қызметкерлері, сондай-ақ халықтық медицинамен (емшілікпен) айналысуға құқығы бар адамдар азаматтардың

денсаулығына өздері келтірген зиян үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

### **69-бап. Денсаулық сақтау қызметкерлерін әлеуметтік қорғау**

1. Мемлекеттік денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің мынадай қ ұ қ ы қ т а р ы б а р :

ауылдық жерлерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының қызметкерлеріне жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен отын сатып алуға әлеуметтік к ө м е к б е р і л е д і ;

жұмысының сипаты жүріп-тұрумен байланысты денсаулық сақтау қызметкерлерінің жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша жергілікті бюджет қаражаты есебінен қоғамдық көлікте тегін жүруі. Мұндай қызметкерлердің тізбесін тиісті жергілікті атқарушы орган белгілейді;

жеке меншігінде малы бар денсаулық сақтау қызметкерлері жемшөппен, малын жаюға және шөп шабуға арналған жер учаскелерімен ауыл шаруашылығы ұйымдарының қызметкерлерімен бірдей қамтамасыз етіледі.

2. Ауылдық жерлерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау мамандарына жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша қала жағдайында қызметтің осы түрлерімен айналысатын мамандардың ставкаларымен салыстырғанда кемінде 25 процент жоғары айлықақылар мен тарифтік ставкалар белгіленуі мүмкін.

3. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жеңілдіктерден басқа, денсаулық сақтау қызметкерлеріне жергілікті өкілді органдар жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен қосымша жеңілдіктер белгілей алады.

**Ескерту. 69-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.11.22. N 484 Заңымен.**

## **XIII тарау. МЕДИЦИНАЛЫҚ САРАПТАМА**

### **70-бап. Еңбекке уақытша жарамсыздық сараптамасы**

1. Азаматтардың еңбекке уақытша жарамсыздығы сараптамасын емдеу-профилактикалық мекемелерінде дәрігер (фельдшер) немесе дәрігерлік-консультациялық комиссия (ДКК) Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік актілерімен белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

2. Еңбекке уақытша жарамсыздық фактісі құжатпен - еңбекке жарамсыздық парағымен куәландырылады. Еңбекке жарамсыздық парағы азаматтарға жұмыстан босануға және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес еңбекке

уақытша жарамсыздық бойынша жәрдемақы алуға құқық береді.

**Ескерту. 70-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1998.12.17. N 325 Заңымен.**

#### **71-бап. Медициналық-әлеуметтік сараптама**

1. Азаматтардың медициналық-әлеуметтік сараптамасын халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады.

2. Медициналық-әлеуметтік сараптаманы ұйымдастыру мен өткізу тәртібін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы орган азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орталық атқарушы органмен келісе отырып белгілейді.

3. Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшесінің қорытындысына азаматтың немесе оның заңды өкілінің Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сотқа шағым беруіне болады.

**Ескерту. 71-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.03.21. N 308 Заңымен.**

#### **72-бап. Сот-медицина және сот-психиатрия сараптамалары**

1. Сот-медицина және сот-психиатрия сараптамалары осы мақсатқа арналған мемлекеттік денсаулық сақтау жүйесінің медицина ұйымдарында өткізіледі.

2. Сот-медицина және сот-психиатрия сараптамаларын ұйымдастыру мен өткізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен және Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік актілерімен белгіленеді.

3. Азаматтың немесе оның заңды өкілінің сот-медицина немесе сот-психиатрия сараптамасын белгілеген органға сараптама комиссиясының құрамына тиісті сала маманын қосымша енгізу жөнінде жүгінуге құқығы бар.

4. Сот-медицина немесе сот-психиатрия сараптамасын жүргізген ұйымның қорытындысына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленгеніндей сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

### **XIV тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

#### **73-бап. Осы Заңды бұзғаны үшін жауапкершілік**

Заңды және жеке тұлғалар осы Заңды бұзған жағдайда олар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

#### **74-бап. Халықаралық шарттар**

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда осы Заңдағыдан өзгеше нормалар белгіленсе, халықаралық шарттың нормалары қолданылады.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК